

**"2020-2022 жылдарға арналған Қызылжарма ауылдық округінің бюджеті туралы"  
Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №287-54/5  
шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 11 ақпандағы № 303-56/5 шешімі.  
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 7249 болып  
тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008  
жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1 бабының 1-тармағына, "Қазақстан  
Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы"  
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7  
тармағына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Қызылжарма ауылдық округінің бюджет туралы"  
Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 287-54/5  
шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №7072  
болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің  
эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 8 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Қызылжарма ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3-  
қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 334 854 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 14 100 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 189 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 320 565 мың теңге;

2) шығындар – 338 767,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3 913,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 3 913,1 мың теңге

;

қарыздар түсімі – 0;  
 қарыздарды өтеу – 0."

Аталған шешімнің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:  
 "Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 3 913,1 мың теңге."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда қалалық мәслихатының  
 кезектен тыс XXXXXVI сессиясының  
 төрағасы, Қызылорда қалалық  
 мәслихатының хатшысы

Р. БУХАНОВА

Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы  
 11 ақпаны №303-56/5 шешіміне қосымша  
 Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы  
 25 желтоқсандағы №287-54/5 шешіміне 1-  
 қосымша

## 2020 жылға арналған Қызылжарма ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
			Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	3 34 854,0
1			Салықтық түсімдер	1 4 100,0
	01		Табыс салығы	3 500,0
		2	Жеке табыс салығы	3 500,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 0 600,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	330,0
		3	Жер салығы	1 100,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	9 170,0
2			Салықтық емес түсімдер	189,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	189,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ	189,0

		Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
4		Трансферттердің түсімдері	3 20 565,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 20 565,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	3 20 565,0
Функционалдық топ			
	Кіші функция		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
	2. Шығындар		3 38 767,1
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		2 9 658,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 9 658,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, , ауыл, кент ауылдық округ әкімінің аппараты	2 9 658,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 9 658,0
04	Білім беру		1 53 803,0
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	1 53 803,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 53 803,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	1 53 803,0
05	Денсаулық сақтау		52,0
	9	Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	52,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	52,0
	002	Шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	52,0
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру		2 560,0
	2	Әлеуметтік көмек	2 560,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 560,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 560,0
07	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық		1 3 995,05
	3	Елді-мекендерді көркейту	1 3 995,05

	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 3 995,05
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 1 485,05
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 754,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	756,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2 7 829,0
1		Мәдениет саласындағы қызмет	2 7 679,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 7 679,0
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	2 7 679,0
2		Спорт	150,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	150,0
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	150,0
12		Көлік және коммуникация	1 03 663,0
1		Автомобиль көлігі	1 03 663,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 03 663,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 763,0
	045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	1 01 900,0
13		Басқалар	7 207,0
9		Басқалар	7 207,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 207,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	7 207,0
15		Трансферттер	0,05
1		Трансферттер	0,05
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,05
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,05
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-3 913,1
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	3 913,1

7		Қарыздар түсімдері	0,0	
16		Қарыздарды өтеу	0,0	
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	3 913,1	
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	3 913,1	
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3 913,1
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3 913,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК